

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«2022 жылға арналған жергілікті бюджеттердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2024ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I.Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «2022 жылға арналған жергілікті бюджеттердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу».

1.2.Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дұрыстығын, негізділігін, сондай-ақ мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің жай-күйін бағалау.

1.3.Мемлекеттік аудиттің объектілері:

1. Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі –*Бәйдібек қаржы бөлімі*), оның ішінде үстеме тексеру:

1)«Бәйдібек ауданының мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-*Бәйдібек мәслихаты*);

2) *Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Бәйдібек әкімі аппараты);*

3)«Бәйдібек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- *Бәйдібек жұмыспен қамту бөлімі*);

4)«Бәйдібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі -*Бәйдібек мәдениет және спорт бөлімі*);

5)«Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-*Бәйдібек ішкі саясат бөлімі*);

6)«Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемес (бұдан әрі-*Бәйдібек тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі*);

7)Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-*Бәйдібек кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі*);

8)Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-*Бәйдібек жер қатынастар бөлімі*);

9) «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық құрылыс сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- *Бәйдібек құрылыс бөлімі*);

10)«Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Көктерек ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі *Көктерек ауыл округі*);

11)«Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Борлысай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-*Борлысай ауыл округі*);

12)«Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-*Жамбыл ауыл округі*);

13)«Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Алмалы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-*Алмалы ауыл округі*);

14) «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ақбастау ауыл округі);

15) «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Боралдай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Боралдай ауыл округі);

16) «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Алғабас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Алғабас ауыл округі);

17) «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Мыңбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Мыңбұлақ ауыл округі);

18) «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Азыбет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Азыбет ауыл округі);

19) «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Шаян ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Шаян ауыл округі);

20) «Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бөген ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Бөген ауыл округі).

2. «Ордабасы аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы қаржы бөлімі), оның ішінде үстеме тексеру:

1) «Ордабасы ауданының мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы мәслихаты);

2) «Ордабасы ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы әкімі аппараты);

3) «Ордабасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы жұмыспен қамту бөлімі);

4) «Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы мәдениет және спорт бөлімі);

5) «Ордабасы аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы ішкі саясат бөлімі);

6) «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі);

7) «Ордабасы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы ауыл шаруашылық бөлімі);

8) «Ордабасы аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы кәсіпкерлік бөлімі);

9) «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Ордабасы құрылыс бөлімі);

10) «Бадам ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Бадам ауыл округі);

11) «Бөген ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Бөген ауыл округі);

12) «Бөржар ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Бөржар ауыл округі);

13) «Жеңіс ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Жеңіс ауыл округі);

14) «Қараспан ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Қараспан ауыл округі);

15) «Қажымұқан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Қажымұқан ауыл округі);

16) «Қарақұм ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Қарақұм ауыл округі);

17) «Төрткүл ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Төрткүл ауыл округі);

18) «Шұбар ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Шұбар ауыл округі);

19) «Шұбарсу ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Шұбарсу ауыл округі);

1.4.Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2022 жылдың 1 қаңтарынан 2022 жылдың 31 желтоқсан аралығы

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 118-бабына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (бұдан әрі ББӘ)және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік (бұдан әрі ШҚЕ) бұл бірінғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған ауданның, аудандық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі.

Бюджет кодексінің 120-3 бабының 1-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржылық қызметтің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұратын аудан бюджетінің және аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық ШҚЕ жасайды.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржылық қызметтің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұратын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық қаржылық есептілікті жасайды және оны ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

Бюджет кодексінің 120-3 бабының 2-тармағына сәйкес аудандық бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық ШҚЕ-те бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көрсетіледі.

ББӘ және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қаржылық есептілікті жасауы және бухгалтерлік есепті жүргізуі мынадай нормативтік құқықтық актілермен регламенттелген:

-Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» (бұдан әрі – Бюджет Кодексі);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуы жүргізу қағидалары» (бұдан әрі – №393 Қағида);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығымен бекітілген «Есеп саясаты» (бұдан әрі – №444 Есеп саясаты);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары» (бұдан әрі – №281 Есепке алу шоттарының жоспары);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидалары» (бұдан әрі – №468 Қағида);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы №630 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалары» (бұдан әрі – №630 Қағида);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары» (бұдан әрі – №640 Қағида);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі» (бұдан әрі – №540 Ереже);

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасы» (бұдан әрі – №423 Қағида);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомы» (бұдан әрі – №390 Нысандар альбомы);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 26 мамырдағы №340 бұйрығымен бекітілген «Республикалық, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджет түсімдерін көрсету қағидалары» (бұдан әрі – №340 Қағида).

Бюджет кодексінің 131 бабының 1-тармағына сәйкес жылдық ШҚЕ ауданның бюджетті атқару жөніндегі жылдық есептілігінің бөлігі болып табылады және аудандық бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей есепті қаржы жылындағы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге әкімдікке, ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

№640 Қағиданың 47 тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі жылдық ШҚЕ жергілікті бюджетті атқару жөніндегі ауданның жергілікті уәкілетті органының қаржылық есептілігі, жергілікті ББӘ ШҚЕ негізінде бюджетті атқару бойынша ауданның жергілікті уәкілетті органы қағидаға сәйкес 1,2,3,4,5 және 6 –қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша жасайды.

ББӘ ШҚЕ – бұл №640 Қағидаға сәйкес әзірленген бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің, бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынған қаржылық есептілігі.

Бәйдібек ауданы бойынша ШҚЕ әзірлеудің құқықтық негізінің объективтілігін, мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің жай-күйін талдау.

Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 31 шілдедегі №249 қаулысымен бекітілген ережесіне сәйкес, Бәйдібек қаржы бөлімі жергілікті бюджетті атқарылуын басқаратын мемлекеттік орган болып табылады.

Мемлекеттік органның міндеттерінің бірі жергілікті бюджеттің атқарылуы, бухгалтерлік есеп, бюджеттік есепке алу және жергілікті бюджеттің орындалуы туралы есепті әзірлеу болып табылады.

Мемлекеттік органның функцияларына жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебінің жасалуына талдау және бағалау арқылы мониторинг жүргізу, ҚР бюджеттік заңнамасына сәйкес, жергілікті бюджеттің атқарылуына айлық, тоқсандық, жылдық және басқада есептерді талдау және ұсыну, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша жеделдік есептерді талдау және ұсыну, жергілікті бюджеттің орындалуы бойынша әдістемелік басшылық жасау болып табылады.

Бәйдібек қаржы бөлімі ШҚЕ-ке аудандық ББӘ, ББӘ, ауылдық округ әкімдері аппаратының жеке қаржылық есептілігі кіреді.

Іс жүзінде қаржы бөлімі жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бірыңғай ШҚЕ және ББӨ ретіндегі бөлім қызметінің нәтижелері туралы есеп жасайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ББӨ ШҚЕ нысандардың толық көлемінде ұсынылған және оған мыналар кіреді:

- жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (ШҚЕ-1 нысан);
- жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-2 нысан);
- жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс) (ШҚЕ-3 нысан);
- жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-4 нысан);
- жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба (ШҚЕ-5 нысан).

2023 жылғы 1 қаңтарға шоғырландырылған бухгалтерлік баланс бойынша:

АКТИВТЕР:

Қысқа мерзімді активтердің жиыны (жол коды 100): есепті кезеңнің басында 333 344,9 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 250 189,4 мың теңге.

Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (жол коды 200): есепті кезеңнің басында 15 939 407,3 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 18 636 793,6 мың теңге.

Баланс: есепті кезеңнің басында 16 272 752,2 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 18 886 983,0 мың теңге.

ПАССИВТЕР:

Міндеттемелер, таза активтер/капитал:

III Қысқа мерзімді міндеттемелер:

Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (жол коды 300) есепті кезеңнің басында 659 042,8 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 682 975,2 мың теңге.

IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер:

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (жол коды 400) есепті кезеңнің басында 1 078 107,8 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 1 291 305,4 мың теңге.

V. Таза активтер/капитал.

Таза активтер/капитал жиыны (жол коды 500) есепті кезеңнің басында 14 535 601,6 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 16 912 702,4 мың теңге.

Баланс есепті кезеңнің басында 16 272 752,2 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 18 886 983,0 мың теңге.

2023 жылғы 1 қаңтарға жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

Кірістер, барлығы (010, 021, 030, 040-жолдарының сомасы) 100 жол коды бойынша есепті кезеңге 36 344 119,1 мың теңге, өткен кезеңге 32 663 665,0 мың теңге.

Есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі (100 жол-200+/-210, 220, 230, 240-жолдары) 300 жол коды бойынша есепті кезеңге 2 377 100,8 мың теңге, өткен кезеңге 1 821 666,0 мың теңге.

2023 жылғы 1 қаңтарға жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы

Ақша қаражатының түсуі – барлығы (010, 017, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 071-жолдар сомасы) (100 жол коды) бойынша есепті кезеңге 34 092 100,6 мың теңге, өткен кезеңге 31 021 287,2 мың теңге.

Ақша қаражатының шығуы – барлығы (110, 120, 130, 140, 150, 160, 170, 180, 190, 191, 192-жолдар сомасы) 200 жол коды бойынша есепті кезеңге 34 054 025,4 мың теңге, өткен кезеңге 30 847 190,0 мың теңге.

Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы (100-жол минус 200 жол) 300 жол коды бойынша есепті кезеңге 38 075,2 мың теңге, өткен кезеңге 174 097,2 мың теңге.

II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (400-жол минус 500-жол) (600 жол коды) бойынша есепті кезеңге минус 205 576,6 мың теңге, өткен кезеңге минус 507 579,1 мың теңге.

III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Ақша қаражатының түсуі-барлығы (**610, 620 жолдар сомасы**) (700 жол коды) бойынша есепті кезеңге 330 804,0 мың теңге, өткен кезеңге 397 146,0 мың теңге;

Ақша қаражатының шығуы-барлығы (710, 720 жолдар сомасы) (800 жол коды) бойынша есепті кезеңге 92 097,9 мың теңге, өткен кезеңге 65 735,9 мың теңге;

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (700-жол минус 800-жол) (900 жол коды) бойынша есепті кезеңге 238 706,1 мың теңге, өткен кезеңге 331 410,1 мың теңге.

Кезеңнің басындағы ақша қаражаты (920 жол коды) бойынша есепті кезеңге 81 752,8 мың теңге, өткен кезеңге 83 824,6 мың теңге;

Кезеңнің соңындағы ақша қаражаты (930 жол коды) бойынша есепті кезеңге 152 957,5 мың теңге, өткен кезеңге 81 752,8 мың теңге.

2023 жылғы 1 қаңтарға жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

Өткен кезеңнің аяғындағы сальдо (090+/-100+/-110- жолдар) 120 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 14 535 601,6 мың теңге, таза активтер /капитал барлығы 14 535 601,6 мың теңге.

Ордабасы ауданы бойынша ШҚЕ-ті жасаудың құқықтық негізінің объективтілігін, мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің жай-күйін талдау.

Ордабасы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 31 шілдедегі №377 қаулысымен бекітілген ережеге сәйкес, Ордабасы қаржы бөлімі жергілікті бюджетті атқарылуын басқаратын мемлекеттік орган болып табылады.

Мемлекеттік органның міндеттерінің бірі жергілікті бюджеттің атқарылуы, бухгалтерлік есеп, бюджеттік есепке алу және жергілікті бюджеттің орындалуы туралы есепті әзірлеу болып табылады.

Мемлекеттік органның функцияларына жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебінің жасалуына талдау және бағалау арқылы мониторинг жүргізу, ҚР бюджеттік заңнамасына сәйкес, жергілікті бюджеттің атқарылуына айлық, тоқсандық, жылдық және басқада есептерді талдау және ұсыну, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша жеделдік есептерді талдау және ұсыну, жергілікті бюджеттің орындалуы бойынша әдістемелік басшылық жасау болып табылады.

Ордабасы қаржы бөлімі ШҚЕ аудандық ББӨ, ББӨ, ауылдық округ әкімдері аппаратының жеке қаржылық есептілігі кіреді.

Іс жүзінде қаржы бөлімі жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бірыңғай ШҚЕ және ББӨ ретіндегі бөлім қызметінің нәтижелері туралы есеп жасайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ББӨ ШҚЕ нысандардың толық көлемінде ұсынылған және оған мыналар кіреді:

- жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (ШҚЕ-1 нысан);
- жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-2 нысан);
- жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс) (ШҚЕ-3 нысан);
- жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-4 нысан);
- жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба (ШҚЕ-5 нысан).

2023 жылғы 1 қаңтарға шоғырландырылған бухгалтерлік баланс бойынша:

АКТИВТЕР:

I. Қысқа мерзімді активтер:

Қысқа мерзімді активтердің жиыны (жол коды 100): есепті кезеңнің басында 404980,7 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 920380,1 мың теңге.

II. Ұзақ мерзімді активтер:

Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (жол коды 200): есепті кезеңнің басында 24959446,0 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 41447343,1 мың теңге.

Баланс: есепті кезеңнің басында 25364426,7 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 42367723,2 мың теңге.

ПАССИВТЕР:

Міндеттемелер, таза активтер/капитал:

III Қысқа мерзімді міндеттемелер:

Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (жол коды 300) есепті кезеңнің басында 1371748,2 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 2084976,4 мың теңге.

IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер:

Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 313) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 388443,2 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 462660,8 мың теңге;

2022 жылы жоғары бюджеттен түскен кредит сомасы барлығы 105 012,0 мың теңге, қайтарылғаны 11 915,0 мың теңге.

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (жол коды 400) есепті кезеңнің басында 388443,2 мың теңге, кезеңнің аяғындағы қалдық 462660,8 мың теңге.

V. Таза активтер/капитал.

Жинақталған қаржылық нәтижелері бойынша (жол коды 412) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 23604235,3 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 39820086,0 мың теңге.

Таза активтер/капитал жиыны (жол коды 500) есепті кезеңнің басында 23604235,5 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 39820086,0 мың теңге.

Баланс есепті кезеңнің басында 25364426,7 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 42367723,2 мың теңге.

2023 жылғы 1 қаңтарға жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

Кірістер, барлығы (010, 021, 030, 040-жолдарының сомасы) 100 жол коды бойынша есепті кезеңге 88660235,0 мың теңге, өткен кезеңге 65496684,6 мың теңге.

Есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі (100 жол-200+/-210, 220, 230, 240-жолдары) 300 жол коды бойынша есепті кезеңге минус 16215850,7 мың теңге, өткен кезеңге минус 6115140,2 мың теңге.

2023 жылғы 1 қаңтарға жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы

Ақша қаражатының түсуі – барлығы (010, 017, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 071-жолдар сомасы) 100 жол коды бойынша есепті кезеңге 79831151,4 мың теңге, өткен кезеңге 63314526,5 мың теңге.

Ақша қаражатының шығуы – барлығы (110, 120, 130, 140, 150, 160, 170, 180, 190, 191, 192-жолдар сомасы) 200 жол коды бойынша есепті кезеңге 78654456,8 мың теңге, өткен кезеңге 63200165,1 мың теңге.

Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы (100-жол минус 200 жол) 300 жол коды бойынша есепті кезеңге 1176694,6 мың теңге, өткен кезеңге 114361,4 мың теңге.

II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (400-жол минус 500-жол) 600 жол коды бойынша есепті кезеңге минус 635567,5 мың теңге, өткен кезеңге минус 196388,7 мың теңге.

III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза соммасы (700-жол минус 800-жол) 900 жол коды бойынша есепті кезеңге 17295,9 мың теңге, өткен кезеңге минус 1892,1 мың теңге.

Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (300-жол -/+600жол +/-900-жол) 910 жол коды бойынша есепті кезеңге 523831,2 мың теңге, өткен кезеңге минус 80135,2 мың теңге.

2023 жылғы 1 қаңтарға жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

Өткен кезеңнің аяғындағы сальдо (090 +/-100 +/-110- жолдар) 120 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 23 604 235,3 мың теңге, таза активтер /капитал барлығы 23 604 235,3 мың теңге.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

ББӨ ШҚЕ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелерін білдіреді.

Бұл ретте, қаржылық есептілікті жасау Бәйдібек және Ордабасы қаржы бөлімдерімен ақпараттық платформада «Е-Қаржы министрлігі» ИААЖ «Қаржылық және бюджеттік есептілікті жинау және шоғырландыру» кіші жүйесінде жүргізілген, ал қалған ББӨ тарапынан жылдық есептілік бөлімге қағаз тасығышта қолма-қол тапсырылған.

Сәйкесінше Қаржы бөлімі ББӨ ШҚЕ-тің біріктіру операциялары жоқ жүйеде қалыптастырып, Excel- де математикалық қосу арқылы тексерген.

Нәтижесінде Қаржы бөлімі ШҚЕ біріктіру операцияларындағы тиісті көрсеткіштерді қолмен ауыстырған.

Қаржылық есептілік нысандарын жасаудың дұрыстығын бағалау үшін кіріс және шығыс сальдо аудиті, қаржылық есептілік нысандарының элементтері арасындағы сәйкестікті тексеру, қаржылық және бюджеттік есептіліктегі деректерді салыстыру жүзеге асырылды.

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының (*бұдан әрі – Тексеру комиссиясы*) мемлекеттік аудит объектілерінің 2023, 2024 жылға арналған тізбесіне сәйкес «2022 жылға арналған жергілікті бюджеттердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс шараның қорытындысы бойынша жалпы қаржылық бұзушылықтар сомасы 144 972 021,9 мың теңгені құраған. Аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша толық көлемде қалпына келтірілген.

Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 8 бірлік, бұрмаланудың жалпы сомасы 208 179,0 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:

Бәйдібек ауданы бойынша 2022 жылдың бюджетінің ШҚЕ жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысымен 40 814 493,6 мың теңгеге қаржылық бұзушылық анықталып, аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша толық көлемде қалпына келтірілген.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар бухгалтерлік есепті жүргізу және жергілікті бюджеттің ШҚЕ қалыптастыру барысында заң талаптарын жеткілікті деңгейде басшылыққа алмаудан орын алған, атап айтқанда:

Бәйдібек қаржы бөлімі бойынша

1-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының «ББӘ ... белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті», №393 қағиданың 4 тармағының «Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады», 6 тармағының «Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасайды, есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді», 12 тармағының «...Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді», 15 тармағының «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс», №640 қағиданың 22 тармағының «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1 [нысанының](#) баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады», 23-тармағының «Мазмұны жағынан ұқсас баланстан тыс шоттар да осылай жинақталады» деген талаптары сақталмай, ШҚЕ-1 нысаны бойынша қысқа және ұзақ мерзімді активтердің балансы есепті кезеңнің соңында 224 020,8 мың теңгеге, қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелердің балансы есепті кезеңнің соңында 224 020,8 мың теңгеге, жалпы соммасы **448 041,6 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

2-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының «ББӘ ... белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті», №393 қағиданың 4 тармағының «Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады», 6 тармағының «Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасайды, есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді», 12 тармағының

«...Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді», 15 тармағының «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс», №640 қағиданың 24-тармағының «ШҚЕ-2 "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" нысанының баптарын шоғырландыру кірістер мен шығыстардың ұқсас баптарын жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады» деген талаптары сақталмай, ШҚЕ-2 нысаны бойынша «Кірістер, барлығы» есепті кезеңге 19 175 535,1 мың теңге, «Шығыстар, барлығы» есепті кезеңге 19 182 103,3 мың теңге, жалпы соммасы **38 357 638,4 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

3-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының «ББӘ белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті», №393 қағиданың 4 тармағының «Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады», 6 тармағының «Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасайды, есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді», 12 тармағының «...Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді», 15 тармағының «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс», №640 қағиданың 25-тармағының «ШҚЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады» деген талаптары сақталмай, ШҚЕ-3

нысаны бойынша «Ақша қаражатының ұлғаюы+/- азаюы» жалпы соммасы **96 798,3 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

4-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының «ББӘ ... белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті», №393 қағиданың 4 тармағының «Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады», 6 тармағының «Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасайды, есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді», 12 тармағының «...Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді», 15 тармағының «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс», №640 қағиданың 26 тармағының «"Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-4 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу жолымен жүзеге асырылады», 27 тармағының «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің нысандары мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігін жасаған кезде қолданылатын нысандарға толығымен сәйкес келеді», 28 тармағының «Түсіндірме жазбада көрсетілетін ББӘ ШҚЕ ақпараттың құрылымына және оны ашуға қойылатын талаптар мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі үшін ақпаратты ашуға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді», 29-тармағының «"Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-2, "Ақшаның қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" ШҚЕ-3 нысандарында 4 "Өткен кезең" деген баған өткен жылдың осыған ұқсас кезеңі үшін толтырылады» талаптары сақталмай, ШҚЕ-4 нысаны бойынша «Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо» жинақталған қаржылық нәтиже бойынша **326 215,1 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

Анықталған бұрмалаушылықтардың экстраполяциясы

мың теңге

Көрсеткіштер	Шоғырландырылған есептілік бойынша	Аудитпен қамтылғаны	Қамту үлесі ((3)/(2)*100	Анықталған бұрмалаушылықтар	Экстраполяциялау нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар ((5)*100/(4))
1	2	3	4	5	6
Баланс активі	18886983	18886983	100%	224020,8	224 020,8
Баланс пассиві	18886983	18886983	100%	224020,8	224 020,8
Кірістер	36344119,1	36344119,1	100%	19175535,1	19 175 535,1
Шығыстар	33897918,7	33897918,7	100%	19182103,3	19 182 103,3

Жоғарыдағы кестеге сәйкес, экстраполяциялау нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар оның ішінде баланс активі және пассиві бойынша 448 041,6 мың теңгені, кірістер бойынша 19 175 535,1 мың теңгені, шығыстар бойынша 19 182 103,3 мың теңгені құраған.

Жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейі

мың теңге

ШҚЕ көрсеткіштері (есептеудің негізі)	Базалық көрсеткіштің мәні (есептік жылдың соңындағы сальдо) мың теңге	Мәнділік процентінің мәні	Жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділіктің мәні, мың теңге (1) x (2)
	1	2	3
Активтер	18 886 983,0	5%	944 349,15
Пассивтер	18 886 983,0	5%	944 349,15
Кірістер	36 344 119,1	2%	726 882,38
Шығыстар	33 897 918,7	2%	677 958,37

Мәнділік шегі

мың теңге

Қысқару процентік айқындайтын факторлар [1]: Елеулі бұрмалаушылықтардың төмен тәуекелі – жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 10%-і Елеулі бұрмалаушылықтардың орташа тәуекелі - жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 25%-і Елеулі бұрмалаушылықтардың жоғары тәуекелі - жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 50%-і	Мәнділік шегі (Жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділіктің мәні, тәуекелге байланысты 10%-ке, 25%-ке немесе 50%-ке азайтылған), мың теңге
Есептеу нәтижелері бойынша елеулі бұрмалаушылықтардың тәуекелі – орташа, мәнділік деңгейі 25%-ке азайтылуға жатады.	
Активтер	708 261,86
Пассивтер	708 261,86
Кірістер	545 161,79

ШҚЕ бойынша бұрмалаушылықтардың жиынтық көлемін мәнділік шегімен салыстыру

мың теңге

ШҚЕ көрсеткіштері	Іс жүзінде анықталған бұрмалаушылықтар, мың теңге	Экстраполяциялау нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтардың мәні, мың теңге	ШҚЕ бойынша мәнділік шегі, мың теңге	Бұрмалаушылықтардың мәнділік шегінен асып түсуі, мың теңге (3-4)
1	2	3	4	5
Активтер	224020,8	224 020,8	708 261,9	
Пассивтер	224 020,8	224 020,8	708 261,9	
Кірістер	19 175 535	19 175 535,1	545 161,8	18 630 373,3
Шығыстар	19 182 103	19 182 103,3	508 468,8	18 673 634,5

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, мәнділік қаржылық есептіліктің екі нысанының қорытындылары бойынша айқындалған, атап айтқанда баланс активімен пассиві, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептің кірістері мен шығыстары.

Бұл ретте, баланс валютасы үшін мәнділік 5% деңгейінде белгіленсе, кірістер мен шығыстар үшін 2% деңгейінде белгіленген. Бұл мәндер жалпы әлемдік практикаға сәйкеседі. Олардың мәні мемлекеттік аудитордың немесе аудиторлық тексеру басшысының кәсіби пайымы негізінде түзетілуі мүмкін. Бұл шек елеулі бұрмалаушылықтардың мынадай тәуекел деңгейіне қарай да түзетілуге жатады:

- елеулі бұрмалаушылықтардың жоғары тәуекелі кезінде мәнділік 50%-ке азайтылуы тиіс;
- елеулі бұрмалаушылықтардың орташа тәуекелі кезінде мәнділік 25%-ке азайтылуы тиіс;
- елеулі бұрмалаушылықтардың төмен тәуекелі кезінде мәнділік 10%-ке азайтылуы тиіс.

Маңыздылық деңгейінің мәні елеулі бұрмаланулардың тәуекел деңгейіне байланысты мемлекеттік аудитордың кәсіби пайымдауы негізінде түзетілді.

Сонымен қатар, төмендегідей жүйелік қаржылық және рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда:

5-тармақ. Негізгі құралдар ретінде мемлекеттік мекеме үшін оларды қолдану тікелей экономикалық пайда әкелмейтін, бірақ басқа объектілерді (қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғауын қамтамасыз ету үшін сатып алынатын негізгі құралдар) қолданудан пайда алу үшін қажет объектілер танылады.

Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағының «Мемлекеттік, экономикалық және қаржылық қызметті қамтуды көздейтін, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу, бірыңғай бюджеттік сыныптама шоттарын кодтау шоттардың бірыңғай жоспары болып табылады», №393 қағиданың 4 тармағының «Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады», 240 тармағының «Инфрақұрылымдық активтер төмендегі сипаттамалардың біреуі немесе бірнешеуі болған кезде негізгі құралдардың объектілері ретінде танылады, Жолдардың желілері, кәріздеу жүйелері, су және электржабдықтаулар жүйелері және коммуникация желілері инфрақұрылымдық активтер болып табылады», 241 тармағының «Экономикалық пайданы тура көбейтпейтін, бірақ мұндай пайданы негізгі құралдардың басқа объектілерінен алу үшін қажет қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету үшін активтер негізгі құралдардың объектісі ретінде танылады», 242 тармағының «Осы бөлімнің ережелері жылжымайтын мүлік ретінде келешекте қолдануға қайта жаңартылатын инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу үшін қолданылады...», 243 тармағының «Негізгі құралдардың бухгалтерлік есебі дұрыс құжатты ресімдеуді және мемлекеттік мекеме ішінде олардың ауысуының түсімі мен шығуын есепке алу тіркелімдерінде уақытылы көрсетуді, сондай-ақ әрбір объектінің (заттың, жиынтықтың) сақталуы мен дұрыс қолданылуын бақылауды қамтамасыз етуі тиіс», 272 тармағының «Мемлекеттік мекеме күрделі шығындарды 2411 "Аяқталмаған құрылыс" қосалқы шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті бойынша көрсетеді. Аяқталмаған құрылыс іс жүзіндегі шығындар бойынша өлшенеді», №468 қағиданың» 27 тармағының «"Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінде қаржылық инвестициялар, ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер, негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыс пен күрделі салымдар, инвестициялық жылжымайтын мүлік, биологиялық активтер, материалдық емес активтер және басқа ұзақ мерзімді активтер көрсетіледі» деген талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «негізгі құралдар» бабы бойынша 114-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны бойынша бұрмалаушылық орын алған.

Атап айтқанда, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде **16 мекемеде 1 418 626,4 мың теңгені** құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбағандығы анықталды, оның ішінде:

- Бәйдібек қаржы бөлімі бойынша 1 177,8 мың теңге;
- Бәйдібек әкімі аппараты бойынша 579,3 мың теңге;
- Бәйдібек тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бойынша 302 464,7 мың теңге;
- Бәйдібек құрылыс бөлімі бойынша 1 064 585,3 мың теңге;
- Бәйдібек жұмыспен қамту бөлімі бойынша 2098,8 мың теңге;
- Көктерек ауыл округі бойынша 3 101,8 мың теңге;

- Борлысай ауыл округі бойынша 1310,8 мың теңге;
- Жамбыл ауыл округі бойынша 1310,8 мың теңге;
- Алмалы ауыл округі бойынша 1823,2 мың теңге;
- Ақбастау ауыл округі бойынша 7449,8 мың теңге;
- Боралдай ауыл округі бойынша 750,0 мың теңге;
- Алғабас ауыл округі бойынша 6606,9 мың теңге;
- Мыңбұлақ ауыл округі бойынша 1310,8 мың теңге;
- Ағыбет ауыл округі бойынша 1122,0 мың теңге;
- Шаян ауыл округі бойынша 16810,8 мың теңге;
- Бөген ауыл округі бойынша 6123,6 мың теңге.

Бұл негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша 2300 «Негізгі құралдар» қосалқы шотында тануды талап етеді.

6-тармақ. №393 қағиданың» 196 тармағының «Қорлар құрылыс материалдарын, оқу, ғылыми зерттеулер және басқа мақсаттар үшін материалдарды, дәрі-дәрмектер мен байлау құралдарын, тамақ өнімдерін, отын және жағу, шаруашылық материалдары мен кеңсе құралдарын, арнайы киім-кешекті және басқа жеке пайдаланудағы құралдарды, қосалқы бөлшектерді, аяқталмаған өндірісті, дайын өнімді, тауарларды, жолдағы қорларды қамтиды», 197 тармағының «Мемлекеттік мекеме: өтеусіз көрсетілетін қызметтер бойынша немесе алушылардан тікелей нақтылы есесін қайтару бойынша аяқталмаған жұмыстарды қоспағанда қорларды есепке алу кезінде осы бөлімнің ережелерін қолданады» және 198 тармағының «Қорларды есепке алудың негізгі міндеттері барлық материалдық құндылықтардың дұрыс қолданылуы мен қозғалысын бақылау және сақталуын қамтамасыз ету; қорлар мен шығыстардың белгіленген нормаларын сақтау, белгіленген тәртіппен сатуға жататын, қолданылмайтын материалдарды уақытылы анықтау; мемлекеттік мекемелердің қоймасындағы қалдықтар туралы нақты мәліметтерді алу болып табылады» және №468 қағиданың» 25-тармағының «"Қысқа мерзімді активтер" бөлімінде мемлекеттік мекемеге тиесілі ақша қаражаты және олардың баламалары, қаржы инвестициялары, қысқа мерзімді дебиторлық берешек, қорлар және бұдан алдыңғы қысқа мерзімді активтердің кіші бөлімдерінде көрсетілмеген өзге активтер көрініс табады» деген талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «қорлар» бабы, 020-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны бойынша бұрмалаушылық орын алған.

Атап айтқанда мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде **12 мекемеде 22 356,3 мың теңгені** құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбағандығы анықталды, оның ішінде:

- Бәйдібек мәслихаты бойынша 676,0 мың теңге;
- Бәйдібек әкім аппараты бойынша 3209,6 мың теңге;
- Бәйдібек мәдениет және спорт бөлімі бойынша 748,0 мың теңге;

-Бәйдібек кәсіпкерлік бөлімі бойынша 1188,4 мың теңге;

- Борлысай ауыл округі бойынша 1191,0 мың теңге;
- Боралдай ауыл округі бойынша 10 595,2 мың теңге;
- Алғабас ауыл округі бойынша 824,5 мың теңге;
- Мыңбұлақ ауыл округі бойынша 778,3 мың теңге;
- Көктерек ауыл округі бойынша 133,0 мың теңге;
- Жамбыл ауыл округі бойынша 1219,9 мың теңге;
- Ақбастау ауыл округі бойынша 1492,4 мың теңге;
- Бөген ауыл округі бойынша 300,0 мың теңге.

Бұл қорлар бухгалтерлік есеп бойынша 1319 «Өзге материалдар» қосалқы шотында тануды талап етеді.

7-тармақ. №393 қағиданың 4 тармағының «Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады», 6 тармағының «Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасайды, есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді», 12 тармағының «...Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді», 15 тармағының «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс» және №468 қағиданың» 31-тармағының «"Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімінде қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, бюджеттік төлемдер мен салықтар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бағалау мен кепілдік міндеттемелері, өзге қысқа мерзімді міндеттемелер көрсетіледі» деген талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектер көрсетілмей, бухгалтерлік баланстарда бұрмалаушылық орын алған.

Атап айтқанда, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде **16 мекемеде 144 174,6 мың теңгені** құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша көрініс таппағаны анықталды, оның ішінде:

- Бәйдібек мәслихаты бойынша 388,9 мың теңге;
- Бәйдібек әкім аппараты бойынша 6989,5 мың теңге;

-Бәйдібек тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бойынша 10 244,8 мың теңге;

-Бәйдібек жұмыспен қамту бөлімі бойынша 1 793,5 мың теңге;

-Бәйдібек құрылыс бөлімі бойынша 2 717,7 мың теңге;

-Бәйдібек кәсіпкерлік бөлімі бойынша 15 183,0 мың теңге;

-Бәйдібек жер қатынастары бөлімі бойынша 2 354,8 мың теңге;

-Бәйдібек ішкі саясат бөлімі бойынша 18 758,0 мың теңге;

-Жамбыл ауыл округі бойынша 5858,8 мың теңге;

-Алмалы ауыл округі бойынша 27561,0 мың теңге;

-Ақбастау ауыл округі бойынша 8202,2 мың теңге;

-Боралдай ауыл округі бойынша 2 379,9 мың теңге;

-Мыңбұлақ ауыл округі бойынша 4 134,9 мың теңге;

-Ағыбет ауыл округі бойынша 6 827,2 мың теңге;

-Шаян ауыл округі бойынша 26 866,9 мың теңге;

-Боген ауыл округі бойынша 3 913,5 мың теңге.

8-тармақ. №393 қағиданың 4 тармағының *«Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады»*, 12 тармағының *«...Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді»*, 15 тармағының *«Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс»*, 276-тармағының *«Мемлекеттік мекеме негізгі құралдардың сатылуын баланстық құнға – 7420 "Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті, бір мезгілде осы актив бойынша жинақталған амортизацияның сомасына – 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті корреспонденцияларымен көрсетеді. Құнсызданудан бұрын есептелген резерв болған кезде шығып қалған ұзақ мерзімді активтер бойынша оның есептен шығуы жүзеге асырылады: 2392 "Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының дебеті және "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті» және №468 қағиданың» 27-тармағының *«"Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінде қаржылық инвестициялар, ұзақ мерзімді дебиторлық**

берешектер, негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыс пен күрделі салымдар, инвестициялық жылжымайтын мүлік, биологиялық активтер, материалдық емес активтер және басқа ұзақ мерзімді активтер көрсетіледі» деген талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдайына бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдар» бабы, 114-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны бойынша жалпы **642,9 мың теңгеге** бұрмалау орын алған.

Атап айтқанда, 2022 жылы Алғабас ауыл округінің бухгалтерлік есебі бойынша бағасы 642,9 мың теңге құрайтын 1 дана «Toyota Camry» қызметтік автокөлік тіркелген. Аудит жүргізу барысында 2019 жылғы 31 желтоқсандағы өткен электрондық аукционның №144424 хаттамасына сәйкес аталған автокөлік сатылғаны анықталды. Алайда, мекеменің бухгалтерлік есебі бойынша есептен шығарылмаған.

Сонымен қатар, 1 рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталды, атап айтқанда:

9-тармақ. №423 қағиданың 4 тармақ 5) тармақшасының *«аяқталмаған құрылыс - жылына кемінде бір рет, бірақ 1 желтоқсаннан кейін»* және 9-тарау 35,36 тармақтардың *«Аяқталмаған құрылыс бойынша аяқталмаған құрылысты түгендеу актісінде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес объектінің атауы, әрбір объекті мен жұмыс түрлері бойынша орындалған жұмыс көлемі мен сипаттамасы, сметалық және нақты құны көрсетіледі және Түгендеу комиссиясы: аяқталмаған құрылыстың құрамында монтаждауға берілген, бірақ іс жүзінде монтаждау басталмаған жабдықтардың бар-жоғын; құрылысы консервіленген және уақытша тоқтатылған объектілердің жағдайын тексеруі тиіс. Құрылысы консервіленген және уақытша тоқтатылған объектілер бойынша оларды консервілеудің себептері мен негіздемелерін анықтау қажет»* және 13-қосымшаның *«Аяқталмаған құрылысты түгендеу актісі»* деген талаптары сақталмай Бәйдібек құрылыс бөлімінде бухгалтерлік баланс бойынша аяқталмаған құрылыстарға түгендеу жұмыстары жүргізілмеген.

Ордабасы ауданы бойынша 2022 жылдың бюджетінің ШҚЕ жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысымен **104 157 528,3** мың теңгеге қаржылық бұзушылық анықталып, аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша толық көлемде қалпына келтірілген.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар бухгалтерлік есепті жүргізу және жергілікті бюджеттің ШҚЕ қалыптастыру барысында заң талаптарын жеткілікті деңгейде басшылыққа алмаудан орын алған, атап айтқанда:

Ордабасы қаржы бөлімі бойынша

10-тармақ. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың №640 Қағиданың 11, 18 тармақтарының талаптары бұзылып, жергілікті ББӘ жылдық ШҚЕ нысан бойынша ұсынылмаған және ШҚЕ қағаз тасығышта беттері нөмірленіп, мазмұны көрсетіліп, кітапша түрінде, нысандардың толық көлемінде және электрондық түрде АЖ арқылы ұсынбағаны анықталды. Атап айтқанда

Ордабасы мәдениет және спорт бөлімі, Ордабасы ішкі саясат бөлімі, Ордабасы жұмыспен қамту бөлімі, Ордабасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі тарапынан Ордабасы қаржы бөліміне ШҚЕ ұсынылмаған.

11-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының, №393 қағиданың 4,6,12,15 тармақтарының, №640 қағиданың» 22,23 тармақтарының талаптары сақталмай, ШҚЕ-1 нысаны бойынша қысқа және ұзақ мерзімді активтердің балансы есепті кезеңнің соңында 949 370,3 мың теңге, қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелердің балансы есепті кезеңнің соңында 949 370,3 мың теңге, жалпы соммасы **1 898 740,6 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

12-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының, №393 қағиданың 4,6,12,15 тармақтарының, №640 қағиданың 24-тармағының талаптары сақталмай, ШҚЕ-2 нысаны бойынша «Кірістер, барлығы» есепті кезеңге 48 669 226,3 мың теңге, «Шығыстар, барлығы» есепті кезеңге 49 452 867,5 мың теңге, жалпы соммасы **98 122 093,8 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

13-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының, №393 қағиданың 4,6,12,15 тармақтарының, №640 Қағиданың 25-тармағының талаптары сақталмай, ШҚЕ-3 нысаны «Ақша қаражатының ұлғаюы+/- азаюы» 910 жол коды бойынша жалпы соммасы **501 898,4 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

14-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының, №393 қағиданың 4,6,12,15 тармақтарының, №640 қағиданың 26,27,28,29 тармақтарының талаптары сақталмай, ШҚЕ-4 нысаны бойынша «Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо» жинақталған қаржылық нәтиже бойынша **1 326 334,3 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

Анықталған бұрмалаушылықтардың экстраполяциясы

мың теңге

Көрсеткіштер	Шоғырландырылған есептілік бойынша	Аудитпен қамтылғаны	Қамту үлесі ((3)/(2)*100	Анықталған бұрмалаушылықтар	Экстраполяциялау нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар ((5)*100/(4))
1	2	3	4	5	6
Баланс активі	42 367 723,2	42 367 723,2	100%	949 370,3	949 370,3
Баланс пассиві	42 367 723,2	42 367 723,2	100%	949 370,3	949 370,3
Кірістер	88 660 235,0	88 660 235,0	100%	48 669 226,3	48 669 226,3
Шығыстар	71 045 165,7	71 045 165,7	100%	49 452 867,5	49 452 867,5

Жоғарыдағы кестеге сәйкес, экстраполяциялау нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар, оның ішінде баланс активі және пассиві бойынша 1 898 740,6 мың теңгені, кірістер бойынша 48 669 226,3 мың теңгені, шығыстар бойынша 49 452 867,5 мың теңгені құраған.

Жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейі

мың теңге

ШҚЕ көрсеткіштері (есептеудің негізі)	Базалық көрсеткіштің мәні (есептік жылдың соңындағы сальдо) мың теңге	Мәнділік процентінің мәні	Жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділіктің мәні, мың теңге (1) x (2)
	1	2	3
Активтер	42367723,2	5%	2 118 386,16
Пассивтер	42367723,2	5%	2 118 386,16
Кірістер	88660235	2%	1 773 204,70
Шығыстар	71045165,7	2%	1 420 903,31

Мәнділік шегі

мың теңге

<p>Қысқару процентік айқындайтын факторлар [1]:</p> <p>Елеулі бұрмалаушылықтардың төмен тәуекелі – жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 10%-і</p> <p>Елеулі бұрмалаушылықтардың орташа тәуекелі - жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 25%-і</p> <p>Елеулі бұрмалаушылықтардың жоғары тәуекелі - жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 50%-і</p>	<p>Мәнділік шегі (Жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділіктің мәні, тәуекелге байланысты 10%-ке, 25%-ке немесе 50%-ке азайтылған), мың теңге</p>
<p>Есептеу нәтижелері бойынша елеулі бұрмалаушылықтардың тәуекелі – орташа, мәнділік деңгейі 25%-ке азайтылуға жатады.</p>	
Активтер	1 588 789,62
Пассивтер	1 588 789,62
Кірістер	1 329 903,53
Шығыстар	1 065 677,49

ШҚЕ бойынша бұрмалаушылықтардың жиынтық көлемін мәнділік шегімен салыстыру

мың теңге

ШҚЕ көрсеткіштері	Іс жүзінде анықталған бұрмалаушылықтар, мың теңге	Экстраполяциялау нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтардың мәні, мың теңге	ШҚЕ бойынша мәнділік шегі, мың теңге	Бұрмалаушылықтардың мәнділік шегінен асып түсуі, мың теңге (3-4)
1	2	3	4	5
Активтер	949370,3	949 370,3	1 588 789,6	
Пассивтер	949370,3	949 370,3	1 588 789,6	
Кірістер	48669226,3	48 669 226,3	1 329 903,5	47 339 322,8

Шығыстар	49452867,5	49 452 867,5	1 065 677,5	48 387 190,0
----------	------------	--------------	-------------	--------------

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, мәнділік қаржылық есептіліктің екі нысанының қорытындылары бойынша айқындалған, атап айтқанда баланс активі мен пассиві, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептің кірістері мен шығыстары. Бұл ретте баланс валютасы үшін мәнділік 5% деңгейінде белгіленсе, кірістер мен шығыстар үшін 2% деңгейінде белгіленген. Бұл мәндер жалпы әлемдік практикаға сәйкеседі. Олардың мәні мемлекеттік аудитордың немесе аудиторлық тексеру басшысының кәсіби пайымы негізінде түзетілуі мүмкін. Бұл шек елеулі бұрмалаушылықтардың мынадай тәуекел деңгейіне қарай да түзетілуге жатады:

- елеулі бұрмалаушылықтардың жоғары тәуекелі кезінде мәнділік 50%-ке азайтылуы тиіс;
- елеулі бұрмалаушылықтардың орташа тәуекелі кезінде мәнділік 25%-ке азайтылуы тиіс;
- елеулі бұрмалаушылықтардың төмен тәуекелі кезінде мәнділік 10%-ке азайтылуы тиіс.

Маңыздылық деңгейінің мәні елеулі бұрмаланулардың тәуекел деңгейіне байланысты мемлекеттік аудитордың кәсіби пайымдауы негізінде түзетілді.

Сонымен қатар, төмендегідей жүйелік қаржылық және рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда:

15-тармақ. Негізгі құралдар ретінде мемлекеттік мекеме үшін оларды қолдану тікелей экономикалық пайда әкелмейтін, бірақ басқа объектілерді (қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғауын қамтамасыз ету үшін сатып алынатын негізгі құралдар) қолданудан пайда алу үшін қажет объектілер танылады.

Бюджет кодексінің 116-бабының 1-тармағының, №393 Қағиданың 4,240,241,242,243,272 тармақтарының, №468 қағиданың» 27 тармағының талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «негізгі құралдар» бабы бойынша 114-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны бойынша бұрмалаушылық орын алған.

Атап айтқанда, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде **7 мекемеде 2 188 016,9 мың теңгені** құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбағандығы анықталды, оның ішінде:

- Ордабасы әкімі аппараты бойынша 190,0 мың теңге;
- Ордабасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бойынша 2 154 151,9 мың теңге;
- Ордабасы құрылыс бөлімі бойынша 11 704,0 мың теңге;
- Бөген ауыл округі бойынша 6 553,0 мың теңге;
- Жеңіс ауыл округі бойынша 5026,0 мың теңге;
- Қажұмұқан ауыл округі бойынша 10118,0 мың теңге;
- Қаракұм ауыл округі бойынша 274,0 мың теңге.

Бұл негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша 2300 «Негізгі құралдар» қосалқы шотында тануды талап етеді.

16-тармақ. №393 қағиданың» 196,197,198 тармақтарының талаптары және №468 қағиданың» 25-тармағының талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «қорлар» бабы, 020-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны бойынша бұрмалаушылық орын алған.

Атап айтқанда, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде **13 мекемеде 44 020,8мың теңгені** құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбағандығы анықталды, оның ішінде:

- Ордабасы мәслихаты бойынша 722,0 мың теңге;
- Ордабасы әкімінің аппараты бойынша 2238,3 мың теңге;
- Ордабасыауыл шаруашылығы бөлімі бойынша 1195,4 мың теңге;
- Ордабасы ішкі саясат бөлімі бойынша 5958,8 мың теңге;
- Бадам ауыл округі бойынша 3168,5 мың теңге;
- Бөген ауыл округі бойынша 1781,0 мың теңге;
- Бөржар ауыл округі бойынша 4309,9 мың теңге;
- Жеңіс ауыл округі бойынша 1000,0 мың теңге;
- Қажымұқан ауыл округі бойынша 3971,5 мың теңге;
- Қарақұм ауыл округі бойынша 1145,0 мың теңге;
- Төрткүл ауыл округі бойынша 4396,0 мың теңге;
- Шұбар ауыл округі бойынша 3238,7 мың теңге;
- Шұбарсу ауыл округі бойынша 10893,7 мың теңге.

Бұл қорлар бухгалтерлік есеп бойынша 1319 «Өзге материалдар» қосалқы шотында тануды талап етеді.

17-тармақ. №393 қағиданың 4,6,12,15 тармақтарының және №468 қағиданың» 31-тармағының талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектер көрсетілмей, бухгалтерлік баланстарда бұрмалаушылық орын алған.

Атап айтқанда, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде **14 мекемеде 76 425,5 мың теңге** құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша көрініс таппағаны анықталды, оның ішінде:

- Ордабасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бойынша 1 142,5 мың теңге;
- Ордабасы жұмыспен қамту бөлімі бойынша 56 591,5 мың теңге;
- Ордабасы мәдениет және спорт бөлімі бойынша 2 384,6 мың теңге;
- Ордабасы кәсіпкерлік бөлімі бойынша 147,1 мың теңге;
- Ордабасы ауыл шаруашылығы бөлімі бойынша 65,8 мың теңге;

- Ордабасы ішкі саясат бөлімі бойынша 646,1 мың теңге;
- Бөген ауыл округі бойынша 632,2 мың теңге;
- Боржар ауыл округі бойынша 4723,2 мың теңге;
- Жеңіс ауыл округі бойынша 254,2 мың теңге;
- Қараспан ауыл округі бойынша 282,1 мың теңге;
- Қажымұқан ауыл округі бойынша 732,8 мың теңге;

- Қарақұм ауыл округі бойынша 625,4 мың теңге;
- Төрткүл ауыл округі бойынша 303,4 мың теңге;
- Шұбар ауыл округі бойынша 7894,6 мың теңге.

Сонымен қатар 208 179,0 мың теңгеге рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

18-тармақ. №393 қағиданың 4,6,12,15 тармақтарының және №468 Қағиданың 51-тармағының «500 "Ақша қаражатының шығуы – барлығы" жолы 410, 420, 430, 440, 450, 460-жолдардың қосындысын көрсетеді» деген талаптары сақталмай, Ордабасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінде «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру» бабы ҚЕ-3 нысанының 440 жол коды бойынша 94 163,0 мың теңгеге бұрмалаушылық орын алған.

Атап айтқанда, 2022 жылға арналған мекеменің қаржылық жоспарында 065 «Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту» бағдарламасы 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бағдарламасымен жарғылық капиталды ұлғайтуға 94 163,0 мың теңге қаралып, қаржысы толық игерілген. Алайда, 2023 жылдың 01 қаңтарына ұсынған мемлекеттік мекемелердің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есебінің ҚЕ-3 нысанының «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру» бабының 440 жол кодында көрініс таппаған.

19-тармақ. №393 қағиданың 4,15 тармақтарының және №468 Қағиданың 5-қосымшасының «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» 16-кесте «Өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер/қорлар» 010,012 жолдарындағы және 16-1 кесте «Өтеусіз алынған ұзақ мерзімді активтер» 010,012 жолдарындағы талаптары сақталмай, Ордабасы құрылыс бөлімінде ғимаратқа жүргізілген 114 016,0 мың теңгенің жұмыстары аталған кестелерде көрініс таппаған.

20-тармақ. №640 қағиданың 3,7,12,18 тармақтарының «Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылатын қаржылық есептілік бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және олардың ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің қаржылық есептілігі бір есепті күндегі жағдай бойынша дайындалады», 12 тармағының «Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жартыжылдық және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне ұсынады», 18-тармағының «Жартыжылдық, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік көлемі мыналарды қамтиды» деген талаптары сақталмай, 4 жергілікті ББӘ тарапынан шоғырландырылған қаржылық есептілік түзілмеген, атап айтқанда:

- Ордабасы мәдениет және спорт бөлімі;

- Ордабасы ішкі саясат бөлімі;
- Ордабасы жұмыспен қамту бөлімі;
- Ордабасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бойынша.

21-тармақ. №640 қағиданың 11 тармағының «Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шоғырландырылған қаржылық есептілікті нысандардың толық көлемінде электрондық түрде АЖ арқылы ұсынады» және 18-тармағының «Жартыжылдық, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік көлемі мыналарды қамтиды» деген талаптары сақталмай, 4 жергілікті ББӘ тарапынан, атап айтқанда Ордабасы мәдениет және спорт бөлімі, Ордабасы ішкі саясат бөлімі, «Ордабасы жұмыспен қамту бөлімі, Ордабасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі тарапынан Ордабасы қаржы бөліміне шоғырландырылған қаржылық есептіліктер ұсынылмаған.

Аудиттің негізгі нәтижелері көрсеткендей бірқатар кемшіліктер мен бұзушылықтар орын алған.

Анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар негізінен нормативтік құқықтық актілерді дұрыс қолданбау салдарынан орын алып, бұзушылықтар мен кемшіліктер жүйелі болған.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

«2022 жылға арналған жергілікті бюджеттердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс шараның қорытындысы бойынша жалпы қаржылық бұзушылықтар сомасы 144 972 021,9 мың теңгені құраған. Аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша толық көлемде қалпына келтірілген.

Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 8 бірлік, бұрмаланудың жалпы сомасы 208 179,0 мың теңгені құраған.

Мемлекеттік аудит объектілері барлық анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, бухгалтерлік есептілікті жасау кезінде лауазымды адамдардың іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар байқалуына байланысты ӘҚБтК-нің 238-бабына сәйкес әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне **41 материал** жолданды, оның 35 материал бойынша осы қорытынды әзірлеу барысында 35 жауапты мамандар әкімшілік жауапкершілікке тартылды (1-қосымша қоса тіркеледі)

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында және Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін, мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде мынадай шаралар қабылданды:

1.Бәйдібек аудандық экономика және қаржы бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

- 2024 жылдың 19 қаңтардағы №1 бухгалтерлік хабарламамен 1177,8 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

- бухгалтерлік баланстың ШҚЕ-1 нысанының ұқсас баптарын жолма-жол қосу арқылы жүзеге асыру нәтижесінде анықталған 448 041,6 мың теңгеге ауытқулар 2024 жылдың 19 қаңтардағы анықтамамен қалпына келтірілді;

- бухгалтерлік баланстың ШҚЕ-2 нысанының ұқсас баптарын жолма-жол қосу арқылы жүзеге асыру нәтижесінде анықталған 38 357 638,4 мың теңгеге ауытқулар 2024 жылдың 19 қаңтардағы анықтамамен қалпына келтірілді;

-бухгалтерлік баланстың ШҚЕ-3 нысанының ұқсас баптарын жолма-жол қосу арқылы жүзеге асыру нәтижесінде анықталған 96 798,3 мың теңгеге ауытқулар 2024 жылдың 19 қаңтардағы анықтамамен қалпына келтірілді;

-бухгалтерлік баланстың ШҚЕ-4 нысанының ұқсас баптарын жолма-жол қосу арқылы жүзеге асыру нәтижесінде анықталған 326 215,1 мың теңгеге ауытқулар 2024 жылдың 19 қаңтардағы анықтамамен қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында экономика және қаржы бөлімі басшысының м.у.а. 2024 жылғы 29 ақпандағы №07-04/63 хатымен, бөлімнің бас маман Б.Утемалиеваға 2024 жылғы 27 ақпандағы №15 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

2.Бәйдібек ауданы әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 19 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 6989,5 мың теңгені құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 19 қаңтардағы №1,3,4,5,7,9,10 хабарламалармен 3209,6 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 19 қаңтардағы №6,8,11 хабарламалармен 579,3 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Аудан әкімі аппараты басшысының 2024 жылғы 23 ақпандағы №205 хатымен, әкімшілік-жалпы бөлімшесінің бас инспектор-есепшісі Б.Болысбековаға 2024 жылғы 22 ақпандағы №57 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

3.Бәйдібек ауданының мәслихат аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 18 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 388,9 мың теңгені құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 18 қаңтардағы №1,2,3 хабарламалармен 676,0 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында мәслихат аппараты басшысының 2024 жылғы 23 ақпандағы №44 хатымен, ұйымдастыру құқық бөлімінің бас маман-есепшісі Г.Мынгишиеваға 2024 жылғы 23 ақпандағы №9 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

4.Бәйдібек аудандық жер қатынастары бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 18 қаңтардағы және 2024 жылдың 19 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 2354,8 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Бәйдібек аудандық жер қатынастары бөлімі басшысының м.у.а. 2024 жылғы 22 ақпандағы №33 хатымен, статист-есепшісі А.Ниеткабыловаға 2024 жылғы 22 ақпандағы №10 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

5.Бәйдібек аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 12 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 10 244,8 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 24 қаңтардағы №1 хабарламамен 302 464,7 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында бөлім басшысының 2024 жылғы 23 ақпандағы №53 хатымен, бас маман-есепшісі Қ.Жұмабековке 2024 жылғы 22 ақпандағы №23/1 бұйрығымен «сөгіс» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

6.Бәйдібек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 17 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 1793,5 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 24 қаңтардағы №1,2 хабарламалармен 2098,8 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Бөлім басшысының 2024 жылғы 29 ақпандағы №40-04-12/19 хатымен, есеп және еңбек қатынастары секторының бас маман-есепшісі А.Шалимбетоваға 2024 жылғы 23 ақпандағы

№11 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

7.Бәйдібек аудандық ішкі саясат бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 17 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 18 758,0 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Ішкі саясат бөлім басшысының 2024 жылғы 26 ақпандағы №48 хатымен, бөлімнің есепші-статисті Ж.Ауелбековаға 2024 жылғы 26 ақпандағы №9 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

8.Бәйдібек аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 17 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 15 183,0 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

2024 жылдың 23 қаңтардағы №2,3,5,6,7,8,9 хабарламалармен 1188,4 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында бөлім басшысының 2024 жылғы 23 ақпандағы №63 хатымен, бөлімнің бас маманы Г.Токкулиеваға 2024 жылғы 23 ақпандағы №7 бұйрығымен «сөгіс» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

8.Бәйдібек аудандық құрылыс сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 11 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 2717,7 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

2-024 жылдың 18 қаңтардағы №2 хабарламамен 1 064 585,3 мың теңге құрайтын 3 жер телімі құрылысымен және баланстық құны жоқ 54 жер телімі бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында бөлім басшысының 2024 жылғы 23 ақпандағы №121 хатымен, бөлімнің статист-есепшісі Б.Нұрланқызына 2024 жылғы 23 ақпандағы №09 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

10.Бәйдібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 18 қаңтардағы №1,2,3 хабарламалармен 748,0 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында бөлім басшысының 2024 жылғы 22 ақпандағы №48 хатымен, бөлімнің статист-есепшісі Н.Бегалиевке

2024 жылғы 22 ақпандағы №15 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

11.Ағыбет ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 17 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 6 827,2 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

2024 жылдың 19 қаңтардағы №1 хабарламамен 1 122,0 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Ағыбет ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 ақпандағы №47 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі Е.Қажығалиұлына 2024 жылғы 23 ақпандағы №19 бұйрығымен «сөгіс» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

12.Ақбастау ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 18 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 8202,2 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

-22.01.2024 жылғы №2,4,5,6,8 хабарламалармен 1492,4 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

-22.01.2024 жылғы №1,3,7 хабарламалармен 7449,8 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Ақбастау ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 ақпандағы №43 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі Ж.Айтбековаға 2024 жылғы 23 ақпандағы №23 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

13.Алғабас ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 18 қаңтардағы №1,2,3,5,19 хабарламалармен 824,5 мың теңге құрайтын қорлар қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 18 қаңтардағы №7 хабарламамен 6606,9 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 19 қаңтардағы №109 хабарламамен ДТ 7420 «Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар» КТ 2350 «Көлік құралдары» деп тізім беріліп 642,9 мың теңгенің автокөлігі есептен шығарылды.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Алғабас ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 ақпандағы №73 хатымен, әкім аппаратының бас

маман-есепшісі Ж.Мақымоваға 2024 жылғы 22 ақпандағы №30 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

14.Алмалы ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылғы 19 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен 27 561,0 мың теңге дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 19 қаңтардағы №1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10 хабарламалармен 1 823,2 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Алмалы ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 ақпандағы №74 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі А.Нысанбековаға 2024 жылғы 23 ақпандағы №23 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

15. Боралдай ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 23 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 2 379,9 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 23 қаңтардағы №1,2,3,4,6,7,8,9 хабарламалармен 10595,2 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 23 қаңтардағы №4 хабарламамен 750,0 мың теңге құрайтын негізгі құралбухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Боралдай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №211 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі Г.Майлыбаеваға 2024 жылғы 29 ақпандағы №19 бұйрығымен «сөгіс» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

16.Борлысай ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 19 қаңтардағы №1,2,4,5,6,7 хабарламалармен 1191,0 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

2024 жылдың 19 қаңтардағы №3 хабарлаумен 1310,8 мың теңге құрайтын негізгі құрал бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Борлысай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 ақпандағы №12 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі Л.Бегмановаға 2024 жылғы 23 ақпандағы №19 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

17. Бөген ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылғы 15 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 3 913,5 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылғы 18 қаңтардағы №3 хабарламалармен жалпы соммасы 300,0 мың теңгені құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылғы 18 қаңтардағы №2,8 хабарламалармен жалпы соммасы 6123,6 мың теңгені құрайтын негізгі қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Боген ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 ақпандағы №56 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі Г.Арипбаеваға 2024 жылғы 23 ақпандағы №24 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

18. Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 19 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 5 858,8 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

2024 жылдың 23 қаңтардағы №1, 2, 3, 4, 5, 6 хабарламалармен 1219,9 мың теңгені құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

2024 жылдың 23 қаңтардағы №7 хабарламалармен 1310,8 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №87 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі А.Шукурбаева бала босануына байланысты ақысыз демалыста болуына сәйкес, анықталған кемшіліктер бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылмайтындығы туралы хабарланды.

19. Көктерек ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 23 қаңтардағы №4 хабарламалармен 133,0 мың теңгені құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 23 қаңтардағы №1,2,3 хабарламалармен 3101,8 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Көктерек ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 26 ақпандағы №67 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі Ж.Даулетяровқа 2024 жылғы 22 ақпандағы №27 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

20. Мыңбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 22 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 4 134,9 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 19 қаңтардағы №1,2,3 хабарламалармен 778,3 мың теңгені құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 19 қаңтардағы №4 хабарламалармен 1310,8 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Мыңбұлақ ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 4 наурыздағы №59 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі Е.Жапатаевқа 2024 жылғы 1 наурыздағы №15 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

21. Шаян ауылдық округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 18 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 26 866,9 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 19 қаңтардағы №1, 2 хабарламалармен жалпы соммасы 16 810,8 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Шаян ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 ақпандағы №103 хатымен, әкім аппаратының бас маман-есепшісі А.Тлеповқа 2024 жылғы 23 ақпандағы №11 ж/қ бұйрығымен «сөгіс» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

23. Ордабасы ауданы әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 09 қаңтардағы №1,2,3,4,5,6,7,8,9,11 хабарламалармен 2238,3 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 09 қаңтардағы №10 хабарламалармен 190,0 мың теңге құрайтын негізгі құрал бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен бөлімнің бас инспекторы-есепшісі Г.Қабыштайға 2024 жылғы 1 сәуірдегі №80 өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

24. Ордабасы ауданының мәслихат аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 5 қаңтардағы №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 хабарламалармен жалпы соммасы 722,0 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен мәслихаттың бас маманы Г.Калкеноваға 2024 жылғы 1 сәуірдегі №12 м/қ өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

25. Ордабасы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 4 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамамен жалпы соммасы 65,8 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 4 қаңтардағы №1,3 хабарламалармен жалпы соммасы 1195,4 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен бөлімнің есепші -статисті А.Құрақбайға 2024 жылғы 1 сәуірдегі №71 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

26. Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 10 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 1142,5 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

2024 жылдың 10 қаңтардағы №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, хабарламалармен жалпы соммасы 2 154 151,9 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар, атқарылған жұмыстар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен бөлімнің бас маманы А.Мадиевке 2024 жылғы 1 сәуірдегі №28 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

27. Ордабасы аудандық ішкі саясат бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 4 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 646,1 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 4 қаңтардағы №1,2,3 хабарламалармен жалпы сомасы 5 958,8 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен бөлімнің есепші-статисті Б.Калмурзаевқа 2024 жылғы 1 сәуірдегі №17 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

28. Ордабасы аудандық кәсіпкерлік бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-04.01.2024 жылдың 4 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 147,1 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен бөлімнің есепші-статисті Ә.Нұрмағамбет 2023 жылғы 29 тамыздағы №17 бұйрығымен жұмыстан кетуіне байланысты тәртіптік шара қолданыла алмайтынын хабарлаған.

29. Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 10 қаңтардағы №2 хабарламамен сомасы 11704,0 мың теңге құрайтын 4 ғимарат бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

30. Ордабасы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 5 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 2 384,6 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен бөлімнің бас маманы С.Исабекке 2024 жылғы 1 сәуірдегі №14-ж бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

31. Ордабасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 8 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 56 591,5 мың теңге дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен бөлімнің бас маманы А.Ақашева 2023 жылғы 10 шілдедегі №47-ж/қ бұйрығымен бала күтімі демалысында болуына байланысты тәртіптік шара қолдануға мүмкіншілік жоқ екендігі хабарланды.

32. Бадам ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 4 қаңтардағы №1, 2, 3 хабарламалармен жалпы соммасы 3168,5 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі Г.Бекмурзаевқа 2024 жылғы 1 сәуірдегі №19 өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

33. Бөген ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

2024 жылғы 1 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 632,2 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

2024 жылдың 03 қаңтардағы №1 хабарламамен 6553,0 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

2024 жылдың 3 қаңтардағы №2,3 хабарламалармен 1781,0 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі Б.Үмбетов 2023 жылғы 31 наурыздағы №6 өкімімен басқа жұмысқа ауысуына байланысты тәртіптік шара қолдануға мүмкіншілік жоқ екені хабарланды.

34. Бөржар ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 5 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 4723,2 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

2024 жылдың 5 қаңтардағы №1,2,3 хабарламалармен 4309,9 мың теңге құрайтын қорлар қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі Е.Жағасбекұлына 2024 жылғы 1 сәуірдегі №20-ж өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

35. Жеңіс ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 8 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 254,2 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 08 қаңтардағы №1,2 хабарламалармен 5026,0 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 08 қаңтардағы №4 хабарламамен 1000,0 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі Н.Нурекеевке 2024 жылғы 1 сәуірдегі №6-ж өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

36. Қажымұқан ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылғы 8 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 732,8 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 10 қаңтардағы №5,6,7, хабарламалармен жалпы соммасы 3971,5 мың теңге құрайтын қорларбухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 10 қаңтардағы №4 ,8,10 хабарламалармен жалпы соммасы 10118,0 мың теңге құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі Н.Нурпейсов 2024 жылғы 23 ақпандағы №12 өкімімен басқа мекемеге ауысуына сәйкес тәртіптік шара қолдануға мүмкіндігі жоқ екендігі туралы хабарланды.

37. Қарақұм ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 8 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 625,4 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектербухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 09 қаңтардағы №1,2,3 хабарламалармен жалпы соммасы 1145,0 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

2024 жылдың 9 қаңтардағы №4 хабарламамен 274,0 мың теңге құрайтын негізгі құрал бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі А.Кулимовке 2024 жылғы 1 сәуірдегі №9-ж өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

38. Қараспан ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 8 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 282,1 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі Т.Қалмұрзаға 2024 жылғы 1 сәуірдегі №9 өкімімен «сөгіс» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

39. Төрткүл ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 8 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 303,4 мың теңгенің дебиторлық және кредиторлық берешектері бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 9 қаңтардағы №1,2,3,5 хабарламалармен жалпы соммасы 4 398,0 мың теңгені құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі М.Әденге 2024 жылғы 1 сәуірдегі №9 өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

40. Шұбар ауыл округі әкімі аппараты бойынша аудит жүргізу барысында:

-2024 жылдың 9 қаңтардағы бухгалтерлік анықтамалармен жалпы соммасы 7 894,6 мың теңге құрайтын дебиторлық және кредиторлық берешектер бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;

-2024 жылдың 9 қаңтардағы №1,2,3,4,6 хабарламалармен жалпы соммасы 3238,7 мың теңгені құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі Н.Қонысбаевқа 2024 жылғы 1 сәуірдегі №26 өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

41. Шұбарсу ауыл округі әкімі аппараты бойынша:

Аудит жүргізу барысында 2024 жылдың 03 қаңтардағы №1,2,6,7,8 хабарламалармен жалпы соммасы 10893,7 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 2024 жылғы 1 сәуірдегі №40-09-05/239 хатымен әкім аппаратының бас маман-есепшісі Е.Турисбековке 2024 жылғы 1 сәуірдегі №12 өкімімен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны туралы хабарланды.

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші: Жергілікті бюджеттің ШҚЕ-де елеулі бұрмалаулардың болуы. *(Өлшем маңыздылығы – мемлекеттік аудит объектісі қаржы және шаруашылық операцияларды жасаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы, сондай-ақ қабылданатын шешімдерге әсер ететін өзге де қателіктер көрсеткіші негізінде қалыптастырылды).*

Біздің пікірімізше, ШҚЕ бойынша аудиторлық есепте сипатталған аспектілердің әсерінен басқалары, 2022 жылдың 31 желтоқсан жағдайына жасалған ШҚЕ ескертпелермен деген пікір білдіру үшін негіз болып табылады және барлық маңызды аспектілерде қызметінің бухгалтерлік баланс, қаржылық нәтижелері және жылдық ақша қаражаттарының қозғалысы, таза актив/капитал, түсіндірме жазба №640 қағиданың талабы жеткілікті деңгейде басшылыққа алынбаған.

Алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Бәйдібек қаржы бөлімінің есепті кезең - 2022 жылға жасалған ШҚЕ-де жосықсыз әрекеттермен немесе

қателікпен туындаған елеулі бұрмалаулардың болуын негізге алып, Әкімшінің ШҚЕ бойынша *ескертумен пікір* білдірілді.

Алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Ордабасы қаржы бөлімінің есепті кезең - 2022 жылға жасалған ШҚЕ жосықсыз әрекеттермен немесе қателікпен туындаған елеулі бұрмалаулардың болуын негізге алып, Әкімшінің ШҚЕ бойынша *ескертумен пікір* білдірілді.

Анықталған бұзушылықтар негізінен:

-бухгалтерлік есепті жүргізу және жергілікті бюджеттің ШҚЕ қалыптастыру барысында заң талаптарын жеткілікті деңгейде басшылыққа алмауы;

-дебиторлық, кредиторлық берешектерінің бухгалтерлік есепте көрсетілмеуі;

-қорлар мен негізгі құралдарды бухгалтерлік есеп бойынша теңгерімге алмауы;

-жоғары деңгейлі бюджеттен өтеусіз берілген дүние мүліктердің теңгерімге алынбауы;

-мүліктердің теңгерімнен шығарылмауы;

-ББӘ тарапынан ШҚЕ түзілмеуі;

-аяқталмаған құрылыс жұмыстарына түгендеу жұмыстары жүргізілмеуі;

-ББӘ шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есебінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру бойынша көрініс таппауынан орын алған.

Бәйдібек ауданы бойынша 2022 жылдың бюджетінің ШҚЕ жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысымен 40 814 493,6 мың теңгенің қаржылық бұзушылығы анықталып, аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша толық қалпына келтірілді.

Ордабасы ауданы бойынша 2022 жылдың бюджетінің ШҚЕ жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысымен 104 157 530,3 мың теңгенің қаржылық бұзушылығы анықталып, аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша толық қалпына келтірілді.

Бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері ББӘ қызметкерлерінің өз функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауы, лауазымды адамдар құзыретінің жеткіліксіз деңгейі, басшы құрам тарапынан ББӘ қызметкерлерінің заңнама нормаларын сақтауына тиісті бақылауды қамтамасыз етпеуі болып табылады.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «2022 жылға арналған жергілікті бюджеттердің ШҚЕ мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін анықталған қаржылық бұзушылықтар қалпына келтірілгені, бұзушылықтар мен

кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларға тәртіптік жаза қолданылғаны назарға алынсын.

3. Түркістан облысы әкімдігі мен тиісті аудан әкімі және мәслихат аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

4. **«Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1. 2024 жылдың 4 маусымға дейін Ордабасы және Бәйдібек аудандарындағы орын алған кемшіліктер мен бұзушылықтарды назарға ала отырып, облыстық, аудандық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінде аталған бұзушылықтарға жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдауды, сондай-ақ, жергілікті деңгейдегі аудандық бөлімдер мен ауылдық округтердің шоғырландырылған қаржылық есептілікті «Е-Қаржы министірлігі» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сапалы қалыптастыру бойынша техникалық сабақ-семинар ұйымдастырып өткізу ұсынылсын;

3.4 Қосымша:

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 34 парақта;

2) Іс-әрекеттерінде ӘҚБТК-нің 238 бабына сәйкес, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін 41 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 41 материалдар туралы, сондай-ақ, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен әкімшілік жауапкершілікке тартылған 35 материалдар бойынша мәліметтер 6 парақта *(аудиторлық қорытындының №1-қосымшада тігілген)*;